

материала исследования выступают сказки народов Казахстана на русском языке и их переводы на английский язык, выполненные авторами настоящей статьи.

Материал поступил в редакцию журнала 12.05.2021

МРНТИ1751-81

А.М. Досанова¹, И.Ә. Әбдіқадыр¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы

РЕПАТРИАНТ-ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІ МЕҢГЕРУ ДЕҢГЕЙІ

Мақалада еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда әлемнің түкпірінен келген репатрианттардың, соның ішінде репатриант-қазақ балаларының Қазақстан еліне оралғаннан кейінгі тілдік жағдайы қарастырылды. Репатриант-қазақ балаларының қазақ тілінің меңгеру деңгейі анықталды. Репатриант-қазақ балалары да этникалық топқа жатады. Тұрып келген елінде басқа тілді меңгерген жас репатрианттар, туған жерінде тілдік кедергілерге тап болып жатады. Қазақ тілімен қатар, орыс тілін меңгеру көрсеткіштері көрсетілді. Мектепте оқып жүрген репатриант-қазақ балаларынан, сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асқан жауаптарынан, тілді меңгеру деңгейлерін пайыздық мөлшерімен көрсетілген. Шет елде туылып әрі өсіп келген жас репатриант-қазақтардың қазақ тілін басқа тілдермен салыстырмалы түрде еркін сөйлеп, еркін түсінетінін, сондай-ақ жазу мен оқи алатын дағдылары анықталған.

Кілт сөздер: репатриант-қазақ, репатриант, тілдік жағдай, этникалық топ, тілдік кедергі.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы, репатриант-қазақтардың өздерінің тарихи отанына жаппай оралуына бастау болды. Әсіресе бұл үдеріс 1992 жылы 26 маусымда «Көші-қон туралы» заң қабылданғаннан кейін ұлғая бастады [1].

Репатрианттар мен бірге, қазақ тілі ғана емес, ата-баба салты, әлемдік өмір, ақпарат, тәжірибе көшіп келіп жатыр. Этникалық қазақтардың жат елде жинаған, игерген мәдени құндылықтары да бізге қажет. Қытайдағы қазақ қытай халқынан, Монғолиядағы қазақ моңғолдан, Ирандағы қазақ ираннан үйренген нәрсесі – байлық, дереккөз әрі қазына.

Көші-қон саясаты және Қазақстанның мемлекеттік ішкі және сыртқы саясат бөлімдері, Қазақстан Республикасы халқының көші-қон үдерісін реттейтін институционалды – негіз болатын басты институттарды қарастыруға болады, олар, жалпы, көші-қон және оралмандар феноменіне байланысты үдерістерге жауапты [2, 162].

Қазақстан Республикасының этникалық қазақтарды тарихи отанына репатриациялау бойынша тұжырымдамасында қазақ қоғамындағы оралмандардың тез интеграциялануын қамтамасыз ету, оралмандар үшін арнайы бейімделу курстарын ұйымдастыру, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін және Қазақстан Республикасының халықаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілін оқыту қарастырылған. Орыс тілі бүкіл қазақ елінде функционалды тіл ретінде таралғандықтан, оралмандардың табысты еңбек нарығына интеграциялануы, сонымен қатар, олардың елдің әлеуметтік және мәдени өміріне енуі қиындық туғызады.

Репатриант-қазақ отбасыларының өз еліне көшіп келуінің негізгі себебі – балаларының тарихи отанында білім алуы, отандық мәдениет ортада қабілеттерін дамытып, одан әрі

әлеуметтік жағдайларды қолайлы ету. Сондай-ақ, жоғары оқу орнын аяқтағаны туралы құжат алып, кәсіби дағдыларын қалыптастыру және жұмысқа орналасуды көздейді.

Қазақстандағы мектептер репатриант-қазақ оқушыларының келуіне және олардың бейімделуі үшін жағдайлар жасауға толық дайын емес. Бұл жағдай – мұғалімдердің репатрианттарға немқұрайлы, өшпенділікпен қараса, сыныптастарының түсінбей, репатрианттарды төмен санап қарайтындығымен байланысты болып тұр.

Елге тұрақты тұруға келген репатриант-қазақ оқушыларының бейімделу үдерісі күрделі, олардың қоғамға, мектепке интеграциялану жағдайы әрдайым ұтымды бола бермейді. Репатриант-қазақ балалардың тілдік бейімделуі көпқырлы және қазіргі қоғам үшін өзекті болып табылады.

«Тіл – әрқашан белгілі бір этностық генеологиясымен, азаматтық тарихымен, өмір сүрген ортасымен, қоғамдық даму дәуірімен, материалдық және рухани мәдениетімен, шаруашылық кәсіп түрлерімен, салт-сана, әдет-ғұрпымен тікелей байланысты», – дейді академик Ә.Қайдар [3, 66].

Тіл қарым қатынастың негізі болып табылады, сондықтан да тіл интеграциясына айрықша көңіл бөлінеді. Репатриант-қазақтардың көшіп келген елдің тілін білуі, олардың еңбек, әлеуметтік мәдени өмірге интеграциялануының негізгі индикаторы болып табылады. Мигранттардың қабылдайтын барлық елдер интеграция бағдарламаларында тіл жағынан – бейімделуіне аса көңіл бөледі, бірақ әр ел тілді игеруге берілетін көмектің көлемін өздерінше анықтайды.

Қазақ ұлты халықтарының Қазақстанға көшіп келуінің бірінші себебі қазақ тілін, мәдениетін, тарихи отанының әдет-ғұрпын сақтап қалу, балаларының келешегін қамтамасыз ету. Көшіп келген соң репатрианттар қазақ тілі мен қатар орыс тілінің күнделікті қолдану қиыншылықтарымен кездеседі. Орыс тілі – қатынаста негізгі тіл болғандықтан, репатриант-қазақтардың еңбек рыногына интеграциялануы, Қазақстанның әлеуметтік және мәдени өміріне қатысуына қиындықтар туғызады. Бұл өз кезегінде орыс тілін білмеу салдарынан өмірлерін одан әрі қиындатады.

Репатриант-қазақтардың қазақ қоғамына интеграциялануына теріс әсерін тигізетін тіл білмеушілікті елемей қалуға болмайды. Бұл жерде айта кететін жайт, қазір үш қазақ алфавиті қолданылады; Қазақстанда, Ресей мен басқа ТМД елдерінде кириллица, Түркия мен Батыс Еуропада латын әліпбиі, Қытайда, Иран мен Пәкістанда – ескі қазақ алфавиті (араб алфавиті негізінде құрылған). Осының нәтижесінде Қытайдан, Ираннан, Пәкістаннан, Ауғанстан мен Түркиядан келген оралмандар толық қазақ тілін меңгере алмайды, сондықтан да келе салысымен тіл білмеушілікке байланысты қиыншылықтарға кездеседі [4, 25].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2019-2020 жылдары алынған 96 сауалнама жауаптары талданды. Сауалнама Алматы облыстарының Ұзынағаш ауданындағы Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектебінде және Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылындағы №1 орта мектебінде іске асты. Сауалнамаға әр түрлі сыныптағы, жас ерекшеліктеріне қарай 10-17 жас аралығындағы, 4-11 сынып аралығындағы, негізінен Қытайдан келген жас репатриант-қазақ балалары қатысты.

Бұл жұмысымызда сауалнама әдісі кеңінен пайдаланылды. Жүргізілген әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу әдістерінің қай қайсысы болмасын репатриант-қазақтардың көптілді Қазақстан кеңістігіндегі тілдік құзыреттілік үдерісі жайлы жан-жақты зерттеу жүргізуге септігін тигізіп, алынатын нәтиженің объективтілігін арттырып, толық түсінік алуға көмектеседі.

Мектеп оқушыларын алған себебіміз, біріншіден олар жеке әлеуметтік топ болып саналады, екіншіден, өте сезімтал, мектептегі болып жатқан әлеуметтік-саяси жағдайға, іс-әрекеттер мен өзгерістерге бейімделгіш, әрі мобильді, өз ойларын еркін жеткізе алатын тұлғалар. Сауалнама жүргізу жөнінде нұсқаулық дайындалды, сауалнама репатриант-

тыңдаушылардың тілдік құзыреттілік ерекшелігін ескере отырып, қазақ тілінде кириллица бойынша дайындалып үлестірілді.

Тілдік құзыреттілік – әлеуметтік өзгермелілік ішіндегі бірден бір маңыздысы болып есептеледі. Тілдік құзырет пен ана тілі, білім тілі, отбасы қарым-қатынасындағы тіл, тілді үйрену барысы, тілдерді қолдану, тілдерді меңгеру дәрежесі арасындағы әлеуметтік өзгермеліліктер корреляциялары анықталды.

Тілдік құзырет – коммуникативті құзыреттің бір бөлігі; ситуацияның ерекшеліктеріне, сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы қарым-қатынастың сипатына, мақсатына қарай тілдік құралдарды әдепті және баламалы түрде қолданудың білік-дағдылары [5, 286]. Тілдік төлқұжат – Еуропа тіл қоржынында тілдік өмірбаян, тілдік мағлұмат және әралуан тілдер мен мәдениетте тілдік құзыретті сырттай бағалау үшін қолданылатын, Еуропалық Кеңес қабылдаған құжат болады. Тілдік төлқұжат тілдік дағдыларды, үйренетін тілде қарым-қатынас тәжірибесін, тілді меңгеру деңгейін қамтиды. Тілдік дағдылар «Шет тілдерді меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттерінің» тілдік деңгейлерінің негізінде айқындалады. Тілдік төлқұжатта өзін-өзі бағалау деңгейлерінің шкаласы болады, жеке адам әртүрлі дәрежеде білетін тілдер санамаланады, оған берілген дипломдар мен сертификаттардың тізбесі көрсетіледі [5, 293]. Тілдік құзыреттілік деңгейінің көрсеткіштері бойынша репатриант-қазақ балалары жоғары құзыретті.


Респонденттердің тілдік құзыреттілігін анықтау үшін қазақ, орыс, ағылшын және өзге тіл (өздері атайтын тіл) деген жауаптар беріліп, келесідей шкалалар бойынша жауап нұсқасы сұралды: *A1. Еркін сөйлеймін, A2. Қиналып сөйлеймін, A3. Сөйлемеймін, B1. Еркін оқимын, B2. Қиналып оқимын, B3. Оқымаймын, C1. Еркін түсінемін, C2. Қиналып түсінемін, C3. Түсінбеймін, D1. Еркін жазамын, D2. Қиналып жазамын, D3. Жазбаймын* (төменгі кестеде).

Кесте 1 – Респонденттердің тілдік құзыреттілігінің % көрсеткіші.

| | Қазақ тілі | Орыс тілі | Ағылшын тілі | Өзге тіл (атаңыз) | Жауап жоқ |
|-----------------------|------------|-----------|--------------|-------------------|-----------|
| A1. Еркін сөйлеймін | 70,8 | - | 20,8 | 8,3 | - |
| A2. Қиналып сөйлеймін | 16,6 | 58,3 | 25 | - | - |
| A3. Сөйлемеймін | 4,1 | 33,3 | 12,5 | 25 | 25 |
| B1. Еркін оқимын | 54,1 | 10,1 | 30,2 | 5,5 | - |
| B2. Қиналып оқимын | 12,5 | 33,3 | 37,5 | 4,1 | 12,5 |
| B3. Оқымаймын | 4,1 | 20,8 | 8,3 | 33,3 | 33,3 |
| C1. Еркін түсінемін | 70,8 | 4,1 | 20,8 | 4,1 | - |
| C2. Қиналып түсінемін | 4,1 | 37,5 | 33,3 | - | 25 |
| C3. Түсінбеймін | 4,1 | 41,6 | 4,1 | 20,8 | 29,1 |
| D1. Еркін жазамын | 50 | 8,3 | 37,5 | 4,1 | - |
| D2. Қиналып жазамын | 12,5 | 29,1 | 16,6 | 4,1 | 50 |
| D3. Жазбаймын | - | 20,8 | - | 20,8 | 58,3 |

Кестеде берілген мәліметтер бойынша респонденттердің қазақ тілінде құзыретінің жоғары екенін көреміз: *еркін сөйлеймін* – 70,8%, *еркін оқимын* – 54,1%, *еркін түсінемін* – 70,8%, *еркін жазамын* – 50%; ал репатриант-қазақ балаларының орыс тілі бойынша құзыреттілік деңгейін *еркін сөйлеймін* – 0%, *еркін оқимын* – 10,1%, *еркін түсінемін* – 4,1%, *еркін жазамын* – 8,3% *жауап берсе, ағылшын тілі бойынша құзыреттілігін еркін сөйлеймін* – 20,8%, *еркін оқимын* – 30,2%, *еркін түсінемін* – 20,8%, *еркін жазамын* – 37,5%, қазақ тілімен салыстыра қарасақ, қиынға соғады, себебі тілдердің арасындағы теңсіздік дәрежесі өте үлкен. Репатриант-қазақ балалар қазақ тіліне қатысты кестеде берілген сұраққа *жазбаймын* нұсқасын белгілемеген. Егер репатриант-қазақ балалары кириллица жазуы бойынша сауатын енді ашып, үйреніп жүргендерін ескерсек, аталмыш нұсқасы белгіленуі заңдылық.

Сурет 1 – Жоғары тілдік құзыретті репатриант-қазақ балалардың көптілділігі.



Репатриант-қазақ балалар өзге тілдегі құзыреттілік деңгейі орыс тілімен салыстырғанда бірде жоғары, бірде төмен екендігі байқалады. Олар өзге тілде *еркін сөйлеймін* – 8,3%, *еркін оқимын* – 30%, *еркін түсінемін* – 20,8%, *еркін жазамын* – 37,5% көрсеткішін беріп отыр (1-сурет). Бұл жерде көрсетілген өзге тіл репатриант-қазақ балалары үшін өздері тұрып келген елдің тілі болуы мүмкін. Репатриант-қазақ балаларының жоғары тілдік құзыретімен бірге орта тілдік құзырет көрсеткіші қазақ тілі бойынша қазақ тілінде тек *қиналып сөйлеймін*– 16,6% көрсетсе, орыс тіліндегі бұл көрсеткіш *қиналып сөйлеймін*–58,3%, *қиналып оқимын*– 33,3%, *қиналып түсінемін*– 37,5%, *қиналып жазамын* – 29,1%, ағылшын тіліне тән көрсеткіш *қиналып сөйлеймін*–25% көрсетсе, *қиналып оқимын*– 37,5%, *қиналып түсінемін*– 33,3%, *қиналып жазамын* – 16,6% мәліметтерін береді. Берілген мәліметтер арқылы орыс тілі бойынша репатриант-қазақ балалардың орта тілдік құзыреттілік деңгейінде (*қиналып сөйлеймін*–58,3%, *қиналып оқимын*– 33,3%, *қиналып түсінемін*– 37,5%, *қиналып жазамын* – 29,1%) жоғары құзыреттілік деңгейімен (*еркін сөйлеймін* – 70,8%, *еркін оқимын* – 54,1%, *еркін түсінемін* – 70,8%, *еркін жазамын* – 50%) салыстырғанда айтарлықтай өзгеріс бар екенін байқаймыз. Бұл көрініс репатриант-қазақ балалардың Қазақстан қоғамындағы тілдік бейімделу үдерісінің жағымды сипатын береді. Кестеден анық көріп тұрғанымыздай, репатриант-қазақ балалары қазақ тілін орыс, ағылшын тілдеріне салыстырмалы түрде жоғары деңгейде сөйлей, оқи, түсіне әрі жаза алатынын аңғартады.

Кесте 2 – Сізге қай тілде өз ойыңызды жеткізу оңайырақ?

| қазақ | орыс | ағылшын | өзге тілде |
|-------|------|---------|------------|
| 60 | - | 8 | 28 |

Репатриант-қазақ балаларының қазақ тілінде 60% өз ойын жеткізе алса, 8% ағылшын тілінде жеткізеді, ал 28% өзге тілде жеткізе алатындығын сауалнама барысында сараладық. Өзге тіл деп отырғанымыз, туып өскен елінің тілі меңзеледі. Этникалық балаларға орыс тілінде өз ойларын жеткізу қиын екенін аңғардық.

Кесте 3–Мектепте сыныптастармен қай тілді сөйлесесіз?

| қазақ | орыс | ағылшын | өзге тілде |
|-------|------|---------|------------|
| 100% | - | - | - |

Репатриант-қазақ оқушылары мектеп қабырғасында қолданатын тіл – қазақ тілі болып саналатынын, сауалнама жауаптары арқылы сараланды, дегенмен олардың қазақ тілін жақсы білмегені үшін өздерін ыңғайсыз сезінген кездері болғанын растады. Балалар қазақ тілін жоғары деңгейде білмегені үшін “ұялғанын” және “нашар сезінгенін” айтты. Сонымен қатар, орыс тілін жетік білмегені үшін “ұялғанын”, “нашар сезінгенін” және “оларды кемсітетінін” деген жауаптар алынды. Тілдерді жетік білмегенің есебінде, жас репатрианттар өз отанында психологиялық қолдауға зәру екенін, арнайы оралмандарға арналған тіл курстарынан өтуді, арнайы репатриант балаларға арналған оқулықтарды иемдену қажеттілігін байқатады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жас репатрианттар көптеген қиындықтарға, соның ішінде тілдік қиындықтар тап болады. Олардың психологиялық/эмоционалдық бейімделе алмауы да, өзара әрекеттесудегі қиындықтарға әкеледі. Мектептегі репатриант-қазақ балаларының тілдік кедергінің тууына себепкер болатын қоғамдағы көбінесе орыс тілді қарым-қатынас екенін зерттеу барысында анықталды. Олардың тілдік құзыреті дейгейінің көрсеткішін бердік.

Егер үйренушінің тілдік базалық білімінде қиындықтар болса, онда ол қазақ және орыс тілдерін уақытша шетел тілі деп есептеп, шетел тілі ретінде үйрету қажет. Ең басты қиындық – орыс тілін үйрену. Орыс тілін қазақ тілімен қатар кеңінен қолдану өзекті қылады. Этникалық қазақ болып табылатын репатриант-қазақ балалары да қазақ тілінде оқытатын және де орыс тілді мектептерде білім алуда. Олар да тілдік мәселелерге тап болуда. Жоғарыда айтқандай бірінші тілдік кедергіні қазақ тілін толық білмеуі – қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы оқулықтың жоқтығы. Сондай-ақ, балалардың тілдік құзыретін, қазақ тілін тіл аралық қарым-қатынас ретінде дамытуды арттыру керек. Орыс тілді оқырманға бейімделген қазақ тіліндегі әдебиеттің болмауы да үлкен мәселе. Репатриант-қазақ балаларының орыс тілін үйренуі негізгі қиындық болып табылады. Орыс тілін тек теориялық тұрғыда емес, практикалық қызығушылықты тудырады

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 <http://www.adilet.zan.kz>
- 2 Жетесова М.Т. (2007) Механизм экономической интеграции оралманов в казахстанское общество: дис. ... к.э.н. Университет Туран. Алматы, Қазақстан. – 162 б.
- 3 Қайдар Ә. (1998) Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Ана тілі, Алматы, Қазақстан. 304 б.
- 4 Қазақстандағы оралмандардың жай-күйі. Шолу. – 2006 – 33 б.
- 5 Сүлейменова Ә.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. 2-басылым, (2020) Арман ПБ. – Алматы, Қазақстан.

Материал 16.05.2021 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 <http://www.adilet.zan.kz>
- 2 Zhetesova M.T. (2007), Abstract of Ph.D. Dissertation, Mechanism of economic integration of oralman in the Kazakh society: dissertation. University of Turan, Almaty, Kazakhstan. 162 p.
- 3 Kaidar A. (1998) Main issues of the Kazakh language. Ana tili, Almaty, Kazakhstan. 304 p.
- 4 The situation of repatriates in Kazakhstan. Review, 2006, 33 p.
- 5 Suleymenova A.D., Shaymerdenova N.J., Smagulova J.S. and Aqanova D.X. Dictionary of sociolinguistic terms. 2nd edition. (2020) Arman PB, Almaty, Kazakhstan.

Уровень владения казахским языком детьми репатриантами-казахами

А.М. Досанова¹, И.А. Абдикадыр¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республика Казахстан

В статье рассматривается языковая ситуация среди репатриантов со всего мира, в том числе репатриантов-казахов после их возвращения в Казахстан в годы независимости. Определен уровень владения казахским языком казахских детей-репатриантов. Дети тоже принадлежат к этнической группе. Молодые репатрианты, говорящие на другом языке в стране проживания, сталкиваются с языковым барьером на своей родине. Наряду с казахским языком были представлены показатели владения русским языком. У репатриантов-казахов, обучающихся в школе, в ответах на анкету уровень владения языком выражается в процентах. Было установлено, что молодые казахи-репатрианты, родившиеся и выросшие за границей, относительно свободно говорят и понимают казахский язык, а также умеют читать и писать.

Материал поступил в редакцию журнала 16.05.2021

Level of kazakh language proficiency of repatriate-kazakh children

А.М. Dossanova¹, I.A. Abdikadyr¹

¹Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan

The article examines the language situation of repatriates from around the world, including repatriate-Kazakh children, after their return to Kazakhstan in the post-independence years. The level of Kazakh language proficiency of repatriate Kazakh children was determined. Repatriate Kazakh children also belong to an ethnic group. Young repatriates who speak another language in the country of residence face language barriers in their homeland. Along with the Kazakh language, indicators of Russian language proficiency were shown. From the repatriate-Kazakh children studying at school, the answers to the questionnaire, and the level of language proficiency is expressed as a percentage. Young repatriate Kazakhs born and raised abroad were found to be able to speak and understand the Kazakh language relatively fluently with other languages, as well as to be able to read and write.

Received: 16.05.2021

MFTAP 16.21.33

Г. Ж. Искакова¹, Peter Kosta²

¹Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

²Potsdam university, Potsdam, 14469, Germany

КӨРКЕМ МӘТІННІҢ МОДАЛДІЛІК АСПЕКТІСІ: Ә.КЕКІЛБАЕВ ПЕН Ш.АЙТМАТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ

Мақалада "авторлық модалділік" категориясы және оның қазақ жазушысы Ә.Кекілбаев пен қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың прозалық шығармаларында берілу жолдары қарастырылады. Модалділік сөйлем деңгейінде отандық және шетелдік